

«В.И.Пацаев атындағы орта мектебі»КММ
«Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі –
сенім мен жеке шекараға құрмет»
(пед.қолдау)
Хаттама

Тақырыбы: «Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі – сенім мен жеке шекараға құрмет» (пед.қолдау)

Күні: 3.10.2025

Қатысушылар: ата аналар

Мақсаты: Жасөспірімдерді зорлық-зомбылықтан қорғауда ата аналардың рөлін күшейту, оқушы мен мұғалім, ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру және жеке шекараны сақтау мәдениетін дамыту.

Кіріспе

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Бүгін біз өте маңызды тақырыпты талқылаймыз – жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қалай қорғауға болады және бұл жолда сенім мен жеке шекараның маңызы қандай.

Өйткені, баланың қауіпсіздігі тек сыртқы ортаға емес, ең алдымен, отбасындағы қарым-қатынасқа байланысты.

1. Сенім – бала қауіпсіздігінің басты тірегі

Сенім – бұл баланың ата-анасына «мені тыңдайды, түсінеді, жазаламайды» деп сенуі.

Егер бала ата-анасына сенсе, ол өмірінде болған қиын жағдайларды жасырмай, ашық айта алады.

Мысал:

14 жастағы Айгерім мектепте сыныптасы тарапынан қысым көреді. Бірақ ол анасына бірден айта алмайды, себебі анасы үнемі «Бәріне өзің кінәлісің» деп ұрсады.

Нәтижесінде бала ішіне түйіп, өз мәселесін жалғыз шешуге тырысады.

Ал егер анасы: «Қызым, не болды? Саған кім ренжітті? Бірге ойланып көрейік» десе – бала ашылып сөйлесер еді.

☞ **Қорытынды:**

Сенім – зорлық-зомбылықтың алдын алудағы ең мықты қорғаныс.

Ата-аналарға кеңес:

- Баланы тыңдаңыз, сөзін бөлмей.
- Бірден сын айтпай, алдымен сезімін түсінуге тырысыңыз.
- «Мен сені тыңдаймын», «Сен мен үшін маңыздысың» деген сөздерді жиі қолданыңыз.

2. Жеке шекара – бала тұлғасының қорғанысы

Жеке шекара дегеніміз – әр адамның өзіне тән кеңістігі мен еркіндігі.

Жасөспірім өз шекарасын сезінбесе, басқа адамдардың оны бұзуына жол беруі мүмкін.

Мысал:

Балаңыздың телефонын рұқсатсыз қарап, хаттарын оқып жатсаңыз, ол:

«Менің жеке өмірім жоқ екен» деп ойлайды.

Бұл сенімге сызат түсіреді.

Кейін бала сізден ештеңе жасыруды үйренеді – бұл қауіпті мінезге әкеледі.

Керісінше:

Егер сіз:

«Телефоныңды аш деп сұрамаймын, бірақ егер біреу саған мазасыз хабарламалар жіберсе, міндетті түрде маған айтшы» десеңіз – бұл шекараға құрмет пен сенімнің үйлесімі.

3. Зорлық-зомбылықтың түрлерін балаға түсіндіру

Кейде балалар «зорлық» деген сөздің не екенін толық түсінбейді.

Сондықтан, ата-аналар баласына қарапайым мысалмен түсіндіруі керек:

Мысалдар:

- Егер біреу сенің рұқсатыңсыз суретіңді түсірсе – бұл да жеке шекараны бұзу.
- Егер біреу сенің денеңе тиюге тырысса, ал сен бұған қарсы болсаң – бұл зорлық.
- Егер достарың мазақтап, ұялтса – бұл психологиялық зорлық.

Ата-аналарға кеңес:

Балаға «Саған біреу ұнамсыз сөз айтса, сен 'жок' деуге толық құқың бар» деп үйретіңіз. «Ештеденен қорықпай, маған айта аласың» деген сенімді жиі қайталаңыз.

4. Интернет пен әлеуметтік желідегі қауіптер

Қазіргі заманның зорлық түрлерінің бірі – кибербуллинг (онлайн қорлау) және интернет арқылы арбау.

Жасөспірімдер жиі «жеке хабарлама», «сурет жіберу» сияқты қарапайым әрекеттердің салдарын түсінбей қалады.

Мысал:

Бір бала онлайн танысқан адамға өз суретін жіберіп, кейін сол адам оны қорқытып, бопсалаған жағдайлар жиі кездеседі.

Не істеу керек?

- Баламен интернеттегі қауіптер туралы ашық сөйлесіңіз.
- Қай сайтқа кіріп жүргенін бірге қарап шығыңыз, бірақ бақылау емес, әңгіме түрінде.
- «Егер біреу интернетте сені мазаласа, бұл сенің кінәң емес, мен көмектесемін» деп айтыңыз.

5. Ата-ананың үлгісі – ең мықты тәрбие

Бала ата-ананың іс-әрекетін қайталайды.

Егер сіз өз сезіміңізді мәдениетті түрде білдіріп, өзгелердің пікіріне құрметпен қарасаңыз, бала да дәл солай үйренеді.

Мысал:

Әкесі ашуланса, есікті тарс жауып кетеді – бала да сол мінезді қайталайды.

Ал егер әкесі «Мен қазір ренжідім, сөйлесуді кейін жалғастырайық» десе – бұл шекараны дұрыс ұстанудың үлгісі.

Қорытынды

Құрметті ата-аналар,

Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғау – тек мектептің, полицияның немесе психологтың міндеті емес. Бұл ең алдымен – отбасындағы сенім мен құрметтен басталады.

Есіңізде болсын:

- Сенім – баланың ішкі қауіпсіздігі.
- Құрмет – оның тұлғалық тұтастығы.
- Ал сіздің махаббатыңыз – ең мықты қорғаныс.

Соңғы кеңес

Балаңызға жиі айтыңыз:

«Мен саған сенемін. Сенің пікірің мен үшін маңызды. Сен өз өміріңнің иесісің. Егер қиындық болса – бірге шешеміз.»

✓ Сенімді қарым-қатынас орнатыңыз:

Балаңызбен ашық сөйлесіңіз. Кез келген жағдай туралы сізге қорықпай айтуына мүмкіндік беріңіз. Жазғырмай, тындай білу маңызды.

✓ Жеке шекараны сыйлауды үйретіңіз:

Балаңыздың жеке заттарына, ойларына, эмоцияларына құрметпен қараңыз. Басқалардың да шекараларын сыйлауға тәрбиелеңіз.

✓ "Жок" деп айтуға үйретіңіз:

Баланың өз пікірін білдіруіне, қарсылық танытуына, өз құқығын қорғауына қолдау көрсетіңіз.

✓ Қауіпсіздік ережелерін талқылаңыз:

Қауіп төнген жағдайда кімге, қайда жүгіну керектігін балаңызға түсіндіріңіз. Сенім телефонының нөмірін үйретіңіз.

✓ Үлгі болыңыз:

Сіздің өз шекараңызды қалай қорғайтыныңызды, өзгелермен қалай қарым-қатынас жасайтыныңызды көріп, бала да соны қабылдайды.

✓ Балаңыздың көңіл-күйін бақылаңыз:

11:22

4G 82



ats

Прямой эфир

2



sk(ta)anas

у



vazirsofiddinl

09(-ась)



присоединил

ся(-ась)

ainurasakasheva

Асем Орынбекқызы тікелей

эфирде өзекті мәлімет бергеніңіз

үшін рахмет!!!!



Помахать



Помахать

Ком...

